

## Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 24 сәуірдегі № 6 "Алға ауданы бойынша және Алға қаласында салық салу мен сату мақсатында жерді аймақтарға бөлу сызбасын (схемасын) бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

### Күшін жойған

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 20 қазандағы № 5 шешімі. Ақтөбе облысының Алға аудандық Әділет басқармасында 2009 жылдың 16 қарашада № 3-3-92 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 12 қыркүйектегі № 196 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихаттың 12.09.2018 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 8-бабының 2-тармағына, 11-бабының 1-тармағына және 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99 "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы Салық кодексінің 387-бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. 2009 жылғы 24 сәуірдегі "Алға ауданы бойынша және Алға қаласында салық салу мен сату мақсатында жерді аймақтарға бөлу сызбасын (схемасын) бекіту туралы" (Нормативтік-құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-3-80 тіркелген, 2009 жылғы 2 маусымдағы "Жұлдыз-Звезда" газетінің № 25 жарияланған) № 6 шешіміне төмендегідей өзгерту енгізілсін:

шешімнің атауындағы "сызбасы(схемасы)" деген сөз "Жер салығының базалық ставкасына түзету коэффиценттерін бекіту" деген сөзben ауыстырылысын және екінші тармақтағы сызбасы (схемасы) деген сөз алынып тасталсын.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының  
төрагасы, мәслихат хатшысы:

А.Кайрушев